

"Ақмоласельмаш" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 шілде N 988

Қазақстан Республикасының астанасы - Астана қаласында нарықтық инфрақұрылымдарды дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру жөніндегі комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен "Ақмоласельмаш" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) акцияларының мемлекеттік пакетін Астана қаласының коммуналдық меншігіне беруді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) екі ай мерзім ішінде "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Медетші банкіне меншікті айналым қаражатын толықтыруға "Ақмоласельмаш" акционерлік қоғамы үшін несие бөлу туралы" 1997 жылғы 16 қазандағы N 47 несиелік келісімге белгіленген тәртіппен өзгерістер енгізілсін, онда мынадай шарттар көзделсін:

несиені пайдаланғаны үшін сыйақыны (мүддені), мерзімі өткен сыйақыны (мүддені) және айыппұл санкцияларын бірінші жылдан бастап өтеу белгіленсін;

2)

3)

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 1),2)-тармақшалары жаңа редакцияда,
3)- тармақшасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.05.04.

N 665 қаулысымен. P000665_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың тармақшалар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің
2000.09.22. N 1431 қаулысымен. P001431_

2-1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Астана қаласының әкімі "Медетші қор" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен, "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамымен, Қ о ғ а м м е н :

1) Қоғамның "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамына соңғысымен атаулары мен бағаларын келісіп, Қоғамға ауыл шаруашылығы техникасын "Медетші қор" республикалық мемлекеттік кәсіпорны берген несиені берілетін техниканың сомасына ө т е у е с е б і н е б е р у д і ;

2) Қоғамның "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамына берілетін техниканың сомасына несие бойынша борышын жылдық 3 (үш) пайыз сыйақы (мүдде) ставкасы

бойынша 5 (бес) жылдың ішінде қайтару шартымен аударуды;

3) "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамы техниканы шаруашылық жүргізуші субъектілерге лизинг шартымен берудің немесе оны сатудың нәтижесінде түсетін төлемдердің есебінен осы қаулының 2-тармағында көрсетілген несие бойынша берешекті өтеуді көздейтін келісімді заңнамада белгіленген тәртіппен жасасуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

ЕСКЕРТУ. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.09.22.

№ 1431 қаулысымен. Р001431_

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне беру туралы" Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы № 656 Р950656_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., № 17, 194-құжат):

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Ақмоласельхозмаш" АҚ, Ақмола облысы" деген жол алынып тасталсын.

2) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері туралы және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 Р990405_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымшадағы "Астана", деген бөлім мынадай

мазмұндағы реттік нөмірі 107-4-жолмен толтырылсын:

"107-4 АҚМ-002445 "Ақмоласельмаш" ААҚ";

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада "Астана" деген бөлімдегі реттік нөмірі 18-жол алынып тасталсын;

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы № 656 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі № 1144

Р971144_

қаулысының

(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., № 33, 306-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК